

Сарыжар ЖОББ мектебінің 1 «Б» сыныбының

2023-2024 оку жылында жүргізген

тәрбие жұмыстарына сараптама

2023-2024 оку жылының басында 20 окушы, 12 қыз, 8 ұл бала болды. Жоспар бойынша барлық жұмыстар уақытында жүргізілді.

Жоспар бойынша Білім күніне арналған «Мектебім – мейірім мекені» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Кыркүйек айында бастауыш сынып мұғалімдері арасында откен облыстық пәндік олимпиадаға қатысып, жулделі III орын иелендім.

Қазан айында «Цифрлық сабак: әдістеме және құралдар» атты облыстық олимпиадаға қатысып, II дәржелі дипломмен марапатталдым. Сонымен қатар «Қарттарым - асыл қазынам» атты тәрбие сағаты өткізілді. 25 қазан Республика күні қарсаңында оқушыларға патриоттық тәрбие беру мақсатында тәрбие сағаты өткізілді.

Оқушылардың мектепке бейімділігін анықтау және балалардың танымдық қабілеттерін анықтау мақсатында мектеп психологтары тест жүргізіп, нәтижесі ата-аналар жиналышында айтылды. Ата-аналар белсенділік танытып, жиналышқа толық қатысты. Мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстырдым.

Қайырымдылық іс-шарасы аясында өткізілген «Құзгі жәрменеке» атты жәрменекесіне қатысып, оқушыларым мен ата-аналарыммен бірлесе отырып, қайырымдылық іс-шарасына, «Құз кереметі» көрмесіне қатысып, өз үлесімізді қостиқ.

16 қарашада бастауыш сынып бірлестігінің онкүндік жоспарына сәйкес «Нұдайбысы және әрпі» тақырыбында ашық сабак өткізілді. Оқушылар белсенділік танытып, алған білімдерін ортаға салды.

16 желтоқсан «Тәуелсіз ел - Қазақстан» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізіліп, осы мерекеге сәйкес мектепшілік мәнерлеп оку сайысына оқушым қатысып, III орынға ие болды.

27 желтоқсан «Рахмет, саған Әліппе! » тақырыбында іс шара өткізілді. Оқушылар оку бастауы болған әліппе пәнін аяқтап, ана тілі табысталды.

28 желтоқсан «Қош келдің, Жаңа жыл!» атты мерекелік іс-шара өткізіліп, балаларға мерекелік көңіл-күй сыйланды.

2023-2024 оку жылының басында 20 окушы, 12 қыз, 8 ұл бала болса, II жарты жылдықта оқушылар саны өзгермеді.

Жоспар бойынша барлық жұмыстар уақытында жүргізілді. Қантар айында оқушылардың оку жылдамдығын тексеру барысында сыныпшілік «Мен оқуға құштармын» атты жылдамдыққа оку сайысы өтті.

1 наурыз «Алғыс айту», 8 наурыз «Құттықтаймын ана, мерекенізбен» атты мерекелік іс шара өткізілді.

22 наурыз күні Біртұтас тәрбие бағыты бойынша «Қош келдің, әз-Наурыз!» атты салт-дәстүрге бағытталған мерекелік концерт ұйымдастырылып, балаларға ұлттық ойын турлері ойнатылып, ата-аналардың ұйымдастыруымен салт-дәстүр, әдеп-ғұрыптан көрініс көрсетіліп, мәліметтер айтылды.

Дарын республикалық ғылыми – практикалық орталықтың ұйымдастыруымен өткен «Ақбота» зияткерлік олимпиадасына оқушыларым қатысып I, II, III жүлделі орындарға ие болды.

Сонымен қатар облыстық «Smart оқушы» интелектуалдық олимпиадасынада 7 оқушым қатысып жүлделі орындарды иеленді.

8 оқушым Мұқағали Мақатаевтің республикалық мәнерлел оку сайысина қатысып, I, II, III жүлделі орындарға ие болды.

12 сәуір «Фарыш әлемі» атты интелектуалды сайысы өткізіліп, оқушылар бар білімдерін ортага салды.

1 мамыр Бірлік күніне орай бірінгай диктанттар жазылып, «Бірлігі жарасқан Қазақстан» атты тәрбие сағаты өткізілді.

7 мамыр Отан қорғаушылар күніне орай мерекелік концерт өткізіліп, қыз балалар ер балаларға арнап дайындаған сый-сияппаттарын табыстады.

9 мамыр Ұлы жеңіс күніне орай ашық тәрбие сағаты өткізілді.

14 мамыр күні сынып ішінде «Көркем жазу - өнер» атты сайыс өткізілді. Оқушылардың жазу дағдылары тексеріліп, сауаттылықтары бағаланды.

24 мамыр «Білімім – Отаным!» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізіліп, ата-аналарға жыл қорытындысы таныстырылып, оқушылар мектеп директорының алғыс хаттарымен марапатталды.

Жоспарланға іс-шаралар толық орындалып, жүзеге асырылды.





Сынып жетекшісі:

Г.Е.Борашева